

**Нәби Кенесарыұлы АБЫЛБЕКОВ**

**ЛАТЫН ЖАЗУЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБІЙІНІҢ ЖОБАСЫ**

*В статье предлагается проект нового казахского алфавита, основанного на латинской графике. Этот проект разработан на основе турецкого алфавита. В статье также рассматриваются предложения о реформировании правил казахской орфографии.*

*Makalede Latin alfabetesine dayanan yeni Kazak alfabetesinin projesi verilmiştir. Bu proje Türk alfabesi esası üzerine kurulmuştur. Bu da ek olarak, makalede Kazak yazımını kuralları reform uygulama hakkındaki önerileri verilmiştir.*

Латын жазуына негізделген жаңа әліпбиге (әрі қарай – жаңа әліпбі) көшү – соңғы жылдарды еліміздің күн тәртібіндегі түрган өзекті мәселе. Бұгінге дейін бұл мәселелеге қатысты көптеген ғылыми мақалалар мен еңбектер жазылды және бірнеше ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер мен шірқтастар өткізілді. Онда жаңа әліпбиге көшү қажеттіліктегі ғылыми түргыдан дәлелденіш жатты. Соңыңтан да, келесі қадам – жаңа әліпбі жобасын құрастыру болатын. Әліпбі жобасын құрастырудың басты мақсат – түркі бірлігі үшін мүмкіндігінше ортақ әліпбі құру болды. Өйткені, жазу бір тілдің ғана емес, тегі бір, туыстас бірнеше тілдердің мұддесіне сай қызмет етуі абыз [1]. Қазақ ұлтының тарихи тағдыры, келешегі басқа туыстас түркі халықтарымен бір екенін ескере отырыш, біздің де мүмкіндігімізше ортақ әліпбі құрумыз жөн. Осы мақсатта жаңа қазақ әліпбійінің жобасын құрастыру үшін қазіргі қазақ әліпбі, латын әріпті қазақ әліпбі (1929-1940 жж.), ағылшын әліпбі, түрік әліпбі, өзбек әліпбі, қарақалпақ әліпбі және тағы басқа әліпбилер ортага салынды. Соңдай-ақ, жаңа әліпбі жобасын құрастыруда мынандай талаштар қойылды:

- Әліпбидегі әріптедің саны тілдің негізгі дыбыстарының санынан алшақ болмауы [2];
- Бір дыбысқа бір таңба берілуі;
- Дыбыстардың қос әрішпен берілмеуі;
- Әліпбидегі әріптер тілдің негізгі дыбыстық заңы – үндесімді дұрыс бейшелейтін болуы [2];
- Әліпбидегі әріптердің дыбысталуы ағылшын мен түрік әліп билеріндегі әріптердің дыбысталуымен сәйкес келуі;
- Әліпбі бір тілдің ғана емес, тегі бір, туыстас бірнеше тілдердің мұддесіне сай қызмет етуі;
- Әліпбидің халықаралық терминдерді жазуға икемді болуы;
- Қазіргі заманғы халықтың психологиясының ескерілуі;
- Үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы.

Қазіргі таңда түркі тілдес халықтардың латын әріпті әліп билері екі тошқа бөлінеді десек те болады. Оның біріншісі – түрік әліпбі, және оның негізінде құрастырылған әзебайжан әліпбі, гагауз әліпбі, қырымтатар

әліпбіі және тағы басқалар. Ал екіншісі – өзбек әліпбіі және оның негізінде құрастырылған қарақашақ әліпбіі. Біздің ғалымдарымыздың басым бөлігі жаңа әліпбіи жобасын құрастыруды көбінесе бірінші тошқа сүйенеді. Өйткені, тілдегі байырғы дыбыстарды нақтылы таңбалауда Түркия түріктері қолданатын латын әліпбіі өзінің қарымдастырымен назар аударады [1]. Мысалы, «ҚазАқшарат» Ұлттық ақпарат агенттігінің веб-сайтында 2004 жылдан бері қолданылып келе жатқан Ә.Қайдар құрастырган латын әріпті қазақ әліпбіи жоғарыда айтылған бірінші тошқа жатады. Бірақ, айта кету керек: Ә.Қайдар нұсқасындағы С әріп оларда мұлдем басқа дыбысты білдіреді. Соңдай-ақ, Ә.Қайдар нұсқасында басы артық екі-үш әріп бар. Демек, Ә.Қайдар нұсқасы жетілдіруді қажет етеді.

Оның үстіне, кейбір тіл мамандары тек негізгі стандартты латиницаға (ағылшын әліпбііне) негізделген жаңа қазақ әліпбіінің жобасын ұсыныш жүр. Олар диакритикалық белгілері бар қосымша әріштер бізге керек емес дейді. Яғни, олар 26 әріптен тұратын латиница корын (ағылшын әліпбіін) толығымен қолдану қағидатын басшылыққа алады. Сөйтіп, олар қазақ тіліндегі кейбір дыбыстарды латынның қосарлы әріммен белгілең, оларды «дифтонг» ретінде қарастыруды ұсынады. Осыған байланысты мына шікірді талқыға салсақ. Осындағы жобаны ұсынушылардың барлық ойлары мен мақсаттары ақпараттық технология жетістіктерінде және компьютердің пернетақта жаймасында (ағылшынша *Keyboard layout*) болыш түрган сияқты. Яғни, олар қайтсек те осы ағылшын пернетақта жаймасына жаңа қазақ әліпбіінің әріштерін сыйдырамыз деп ойлайтын сияқты. Тіпті, кейбіреулері ағылшын әліпбііндегі С, Х және тағы басқа әріштерді жаңа қазақ әліпбіінде басқа дыбыстармен береді. Сөйтіп, ағылшын нұсқасындағы транскрипциялық оқылу ережесін сақтамайды. Эрине, ақпараттық технология жетістіктері әліпбіи жобасын құрастыруды қойылатын талаптардың бірі болуы керек. Бірақ, ол басты талаң болмауы керек. Өйткені, тіл техникага емес, техника тілге бейімделуі керек. Соңдай-ақ, ағылшын әріштерінің оқылуыша сәйкестендіреміз деп, пернетақтада көрсетілген 26 әріптен өзге дыбыстарды қосарланған таңбалармен бейнелей беру сөзегі әріштердің көбеюіне әкеleлі, сол арқылы көзді шатастыруы әбден мүмкін. Соңықтан, жаңа әліпбіи жобасын құрастырудың басты мақсат – компьютер емес, тілміздің ұлттық табиғатын, спецификасын сақтау болуы керек.

Ал енді тек негізгі стандартты латиницаға негізделген жаңа қазақ әліпбіінің жобасын ұсынушылардың басқа бір тобы болса, қазақтың өзіндік (төл) әріштерін өзбек әліпбііндегідей апострофтармен бірге жазуды ұсынады. Бірақ, біз әліпбіи жобасын құрастыруды «бір дыбысқа – бір әріш» қағидатын ұстаныуымыз керек. Әйтпесе, көптеген азаматтар апострофтарды елемей, сол әріштерді негізгі стандартты латиницаның дыбыстарымен оқып кетеді. Бұл қазақтың төл дыбыстарының ұмытылып кетуіне, қазақ тілінің өзгеруіне әкеleлі соғады.

**Н.К.Абылбеков. Латын жазуына негізделген жаңа қазақ әліпбииңің...**

Сондықтан, негізгі стандартты латиницаға негізделген жаңа қазақ әліпбииңің жобасына келіспеушілік білдіре келе және Ә.Қайдар нұсқасын жетілдіре келе мына жаңа қазақ әліпбииңің жобасы ұсынылады:

**Жаңа қазақ әліпбииңің жобасы**

№	Әліпби жобасы	Кирил- лица	IPA транс- крип- циясы	Ағыл- шынша жазы- луы	Түрік- ше жазы- луы	Латиница қоры	
						Негізгі	Кеңей- тілген
1	A a	A a	/a/	a	a	A a	
2	Ä ä	Ә ә	/æ/	a	a		Ä ä
3	B b	Б б	/b/	b	b	B b	
4	D d	Д д	/d/	d	d	D d	
5	E e	Е е	/e/, /je/	e	e	E e	
6	F f	Φ φ	/f/	f	f	F f	
7	G g	Г г	/g/	g	g	G g	
8	Ğ ğ	Ғ ғ	/ɣ/	g	ğ		Ğ ğ
9	H h	Х х	/x/	kh	h	H h	
10	I i	Ы ы	/ɯ/	y	i	I	i
11	İ i	І і	/ɪ/	i	i	i	İ
12	J j	Ж ж	/ʒ/	zh	j	J j	
13	K k	К к	/k/	k	k	K k	
14	L l	Л л	/l/	l	l	L l	
15	M m	М м	/m/	m	m	M m	
16	N n	Н н	/n/	n	n	N n	
17	Ñ ñ	Ң ң	/ŋ/	ng	n		Ñ ñ
18	O o	О о	/o/	o	o	O o	
19	Ö ö	Ө ө	/ø/	o	ö		Ö ö
20	P p	П п	/p/	p	p	P p	
21	Q q	Қ қ	/q/	q	k	Q q	
22	R r	Р р	/r/	r	r	R r	
23	S s	С с	/s/	s	s	S s	
24	Ş ş	Ш ш	/ʃ/	sh	ş		Ş ş
25	T t	Т т	/t/	t	t	T t	
26	U u	Ү ү	/ɣ/	u	u	U u	
27	Ü ü	Ү ү	/y/	u	ü		Ü ü
28*	W w	Ү ү	/w/	w	v	W w	
29	Y y	Й й	/j/	y	y	Y y	
30	Z z	З з	/z/	z	z	Z z	

Ескерту: \* - дауыссыз удыбысы.

### Жобага түсінкітеме және ұсыныстар

Жаңа әліпби жобасы – түрік әліпбіи негізінде құрастырылған, 30 әріптен тұрады. Жаңа әліпби жобасына түрік әліпбійндегі барлық 29 әріптің 26 әрпі енген. Түрік әліпбійндегі С (дж), Ç (ч) және V (в) әріптері ғана енбеді. Ал қалған төрт әріш (À, Ñ, Q, W) басқа туыстас түркі тілдес халықтардың әліпбілерінен енген. Осының өзі де түркі тілдес екі елдің (қазақ пен түріктің) жақындаудына, бір-бірінші тілін оңай оқыш үйренуіне мүмкіндік береді. Өйткені, жаңа әліпби жобасындағы әріптердің дыбысталуы түрік әліпбійндегі әріптердің дыбысталуымен сәйкес (ундес) келеді. Түрік әліпбіи негізінде құрастырылу себебі – туыстас түркі тілдес халықтармен, өсіреке Түркия түріктерімен бірлікте болу мақсатында мүмкіндігінше ортақ әліпби құру еді.

Негізгі латинница әріптеріне қосылған қосымша әріптердің түсіндірмесі: 2-ші әріп A-ның төбесінде екі нұктеде (кос нұктеде) бар; 8-ші әріп G-ның төбесінде айшық сзықша (қалшақ) бар; 10-шы әріп I-нің төбесінде нұктеде жок; 11-ші әріп I-нің төбесінде бір нұктеде бар; 17-ші әріп N-ның төбесінде ирек сзықша бар; 19-шы әріп O-ның төбесінде екі нұктеде бар; 24-ші әріп S-ның астында құйрық бар; 27-ші әріп U-ның төбесінде екі нұктеде бар.

Ұсынылып отырған жобаның 28 әріші қазақ тілінші өзіне ғана тән, байыргы түркі-қазақ сөздері мен сөз тұлғаларында кездесетін төл дыбыстардың таңбалары да, ал қалған екеуді (F, H) басқа тілдерден енші қалыштасқан және болашақта да еңбекші лексикалық аудис-түйістерді ұғраламай, барынша дәл жазу мақсатымен ұсынылған таңбалар [1].

Бұл жерде тіліміздің төл дыбыстарын таңбалайтын 28 әріптердің әліпби жобасына енгізуіне дау шықпас. Тіліміздің төл дыбыстарына неге дәл бұндай таңбалардың алғынуы Ә.Қайдардың 1991 жылы «Ана тілі» газетінде жарияланған «Латын әліпбійнің болашағы зор» атты мақаласында егжей-тегжайлі, жаксы түсіндірілген. Соңдықтан да, тіліміздің байыргы (төл) сөздерінде пайдаланылмайтын әріптердің мән-жайына жеке-жеке тоқталайық. Интернет-энциклопедия «Уикипедия» мынандай анықтама береді: В, Ё, Ф, Х, Һ, Ц, Ч, Щ, Ъ, Ь, Э әріптері қазақтың төл сөздерінде пайдаланылмайды. Ё, Ҕ, Ч, Щ, Ъ, Ь, Э әріптері тек кеңестік дәүірінде орыс тілінен, немесе орыс тілі арқылы енген сөздерде орыс емле нұсқауларымен пайдаланылған (1990 жж. бері ресми және жеке жария ақпараттарда, әдеби шығармаларда пайдалануы азая түсуде, сиректеніп кетті) [3]. Бірақ, 42 әріпті қазақ әліпбі 70 жыл бойы оқытылып келгендейтін, жоғарыда берілген әріптерді қазіргі күні қазақ тілінші төл әріптері дең санайтындар тым көбейіп кеткен. Оның үстінен, XX ғасыр ғылымның дамыған ғасыры болғандықтан, қазір бұл әріптер көптеген ғылыми терминдерде, сөздерде көптеп кездеседі. Яғни, бүгінгі күні «импортталған» сөздерді өзге тілдің тәртібімен жазу санага әбден сіністі болыш, стереотипке айналды. Оны икемдең, иш әкелип, тіліміздің үндесіміне үйлестіретін кез артта қалды. Қазіргі қостілділік

## **Н.К.Абылбеков. Латын жазуына негізделген жаңа қазақ әліпбайінің...**

жағдайда бұндай мүмкіндіктің ауылы тым алышташ кетті [2]. Мысалы, *хлор* сөзін *қылор*, *инфляция* сөзін *інфләсійә* деп жазу керек дегенде орыстанған қандастарымыз бен әртүрлі ғылыми салалардың мамандары көне қалуы екіталаі. «Баяғыдағы, қостілділік заманы жоқ кездегі «оқымаған» ата-әжелеріміздің сөзіне ұқсайды» деген психологиялық кедергіге тап боламыз. Сондықтан да, осындаи психологиялық ұлкен бөгетті еңсеру, яғни қазіргі қазақ әліпбайінен бірден 14 әріпті алыш тастау қынының қыны. Демек, бұндай психологиялық ұлкен қамалды бұзу ұзақ уақытты талаш етеді. Бұл ұзақ уақыттың аралығына сансыз көптеген экономикалық, техникалық, медициналық және тағы басқа ғылыми салалардың терминдерін қазақ тіліне бейімдеу, қазақша баламаларын табу, халықтың құлағын үйрету және тағы басқа істер кіреді. Сондықтан да, басы артық әріштерді алыш тастау этапты түрде болуы, яғни кезең-кезеңге бөлінуі керек. Өйткені, қашпа дегенмен, тіл деген синақ алаңы емес қой.

Сол себептен, тіліміздің төл сөздерінде пайдаланылмайтын әріштерден Ф мен Х әріштерін жаңа қазақ әліпбайінде қазірше қалдыру керек. Өйткені, Ф мен Х әріштері қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздермен қатар араб-шары тілдерінен енген сөздерде де қолданылады: *Фарида*, *Фариза*, *фәнни*, *Махамбет*, *хабар*, *халық*, *хан* (түркі), *хат* және тағы басқа. Демек, ф мен х дыбыстары қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне енген. Сондай-ақ, көптеген мемлекет пен елді-мекен атауларында, адам есімдерінде, халықаралық терминдерде, Құран сүрелерінде осы әріштер жиі кездеседі: *файл*, *факультет*, *Фатиха*, *Фәләк*, *филология*, *формула*, *Франция*, *функция*, *футбол*, *Мұхаммед*, Хельсинки, *хоккей* және тағы басқа. Яғни, ф мен х дыбыстары әлемдегі көптеген халықтардың, әсіресе туыстас түркі тілдес халықтардың көбісінің тілдерінде болғандықтан, бұл дыбыстарды бейнелейтін әріштерді жаңа қазақ әліпбайінде қалдыру керек.

Ал мұндағы һ әрші қазақ тілінде тек араб-шары тілінен енген сөздердеғана қолданылады. Оның үстіне, ауызекі сөйлеуде һ әрші х дыбысымен айтыла береді. Яғни, һ әрші х дыбысының жай бір түрленуіғана. Осыған бола қосымша бір әріпті алудың ешқандай практикалық та, ғылыми да мәні жоқ. Мысалы, һ әрші *қаһарман*, *шахар* деген секілді он шақты сөздеғана қолданылады. Бұл сөздерді біз *қаһарман*, *шахар* түрінде жаза аламыз. Сондықтан, кириллицадағы һ мен Х әріштерін бір ғана латынша Н әршімен жазған дұрыс. Сонда латынша жоғарыдағы сөздерді *qahartan*, *shahar* түрінде жазамыз.

Сондай-ақ, қазіргі қазақ әліпбайіндегі Э әршінің де қажеті жоқ. Өйткені, Э әрші қазақ тілінде әрдайым *e* болып айтылады: *электр* (*електір*) – *electrī*, *экономика* (*економықа*) – *екология* (мысалдағы И әршінің ЫЙ немесе ЙЙ болып жазылу себебі туралы төмөндегі И әршінеге қатысты ұсыныс қаралсын).

Кириллицадағы Ц әрші қазақ тілінде тек орыс тілі арқылы енген сөздердеғана қолданылады. Бұл әріпті ТС дыбыс тіркесі арқылы жазуға

болатындықтан, оны әліпби жобасына енгізудің қажеті жоқ: *цирк* (*тсыйрж*) – *tsiyirk*, *тек* (*tceh*) – *tseh*. Айта кететін жайт: Ц әрші келетін кейбір сөздерді бір ғана С әршімен де жазуға болады: *цемент* (*семент*) – *sement*, *функция* (*фүнксыя*) – *funksiya*.

Ц әршінің жағдайы Ц әршіне үқсайды. Яғни, Ц әрші де қазақ тілінде тек орыс тілі арқылы енген шет тілдік сөздерде ғана қолданылатындықтан және бұл әршіті ТШ дыбыс тіркесі арқылы жазуға болатындықтан, оны әліпби жобасына енгізудің қажеті жоқ: *чек* (*тшек*) – *tsek*, *чемпион* (*тімемпійон*) – *tsempiyon*.

Қазіргі қазақ әліппиңдегі Ё (йо), Ю (йу), Я (я) [4] қос дыбыс таңбалары болғандықтан, бұлардың да жаңа әліпбиге еш қажеті жоқ. Бұлар латынша сәйкесінше YO, YU (YÜ), YA (YÄ) түрінде жазылады: *Югославия* (*Йугославыйа*) – *Yugoslavya*, *Юпитер* (*Йүпітер*) – *Yüpiyter*, *яғни* (*яғнайы*) – *yaşnu*. Көнтеген халықтар және түріктер де ю (йу) дыбысын Yu, я (я) дыбысын Ya деп жазады. Бірақ, бұлар жазу ережесі ретінде алғашқы кезде көрсетілуі керек. Ал байырғы қазақ сөздеріндегі Ю әршін дыбыс ыңғайына қарай YUW не YÜW тіркестерімен таңбалаған жөн (бұл жөнінде төмендегі У әршіне қатысты ұсыныс қаралсын): *аю* (*айүү*) – *ayuw*, *кою* (*қойүү*) – *qouuw*, *кәбею* (*кәбейүү*) – *kobeyuu* [1].

Ал жіңішкең белгісі (Ь) мен айыру белгісі (Ъ) қазақ әліппиң үшін түкке қажеті жоқ. Сөздегі буындардың жіңішкеңі мен жуандығын біздің тіліміздегі табиғатынан жуан, не жіңішке болыш келетін дауысты дыбыстардың өздері жоғарыдағыдай қосымша таңбаларсызың-ақ бейнелеп берे алады. Соңдай-ақ, қазақ тіліндегі жұз мыңдаған сөздің, лексикалық бірліктің ішінде ІІ әрші *апы*, *тұшы*, *кеше* деген бар-жоғы ұш-ақ сөзді таңбалауда қолданылады. Бұл сөздерді ешқандай қиналмай-ақ, *апшы*, *тұшшы*, *кешше* деп қосарлы Ш-мен белгілеуімізге әбден болады [5].

В дыбысы қазақ тіліндегі дауыссыз у дыбысына жақын болғандықтан, бұл дыбысты бейнелейтін кириллицадағы В әрші әліпби жобасына енгізілмеді. Бұл әрішпен келетін шет тілдік сөздерді тіліміздің ыңғайына қарай латынның В және W әршітерімен жазуға болады: *вагон* (*багон*) – *vagon*, *Варшава* (*Уаршава*) – *Varşawa*, *Вашингтон* (*Уашынгтон*) – *Waşington*, *волейбол* (*болейбол* не *woleybol*) – *boleybol* не *woleybol*. Айта кететін жайт: аты-жөніміздегі *ов*, *ев*, *ова*, *ева*-ларды жазу біраз қындық туғызады. Бұларды *ob*, *eb*, *oba*, *eva* түрінде жазуға болатын сияқты. Бұл мәселе *овиң*, *евиң*, *овна*, *евна*-ларға да қатысты. Соңдықтан, мүмкін болса аты-жөніміздің соңындағы осы орыстың қосымшаларын *ұлы*, *қызы*, *тегі*-лермен дереу ауыстыру керек.

Қазіргі қазақ әліппиңдегі ерекше тоқталуды қажет ететін әршітер: И мен У. Алдымен И әршіне тоқталайық. Негізінен, қазақ тілінде дауысты (ұзақ) и дыбысы жоқ, тек қана дауыссыз (қысқа) и дыбысы (яғни й) бар. Откен ғасырдың тоқсанының жылдарының басынан И әршінде орнына Ы, ЫЙ қолдану ұсынылып келеді. Өйткені, кириллицадағы И әрші қазақ тілінде екі дыбыстың тіркесін – *ий* (*ий*) – таңбалайтын әріш. Соңдықтан, латын

### **Н.К.Абылбеков. Латын жазуына негізделген жаңа қазақ әлішбийінің...**

әріптерімен жазғанда И әрпі келетін сөздер мен сөз тұлғаларын дыбыс үндестігіне сәйкес не жуан IY, не жіңішке ІY дыбыс тіркестері ретінде таңбалауымыз керек: *жиын* (*жыйын*) – *јұн*, *жиырма* (*жыйырма*) – *јұнта*, *кіім* (*кійім*) – *кіуіт*, *қын* (*қыйын*) – *құн*, *мі* (*мый*) – *му*. Айта кететін жайт: *сия* сөзін графема (таңба) мәнінен қарай жіктеп көрсек, *зұуа* болыш шығады. Өйткені И да, Я да қос дыбыс – IY (ІY), YA (YÄ) – таңбалары фой. Ал оны біз *siua* дең дұрыс жазуымыз керек [1]. Яғни, *иј-мен* келетін сөздердің бөрін IYA (ІYÄ) түрінде жазуымыз керек: *Албания* (*Албаныйа*) – *Albanıya*, *Түркия* (*Түркійә*) – *Türkіjä*, *Чехия* (*Тшехійә*) – *Tšehijä*. Тағы айта кететін жайт: *Түркійә*, *Тшехійә* сөздеріне -де, -ге емес -да, -га жалғаулары жалғанады.

У дыбысының жағдайы *и* дыбысына ұқсайды. Яғни, қазақ тілінде дауысты (ұзақ) у дыбысы жоқ, тек қана дауыссыз (қысқа) у дыбысы бар. Бірақ, қазіргі қазақ тілінің ережесі бойынша дауыссыздан кейін И, дауыстыдан кейін Й жазылса, дауыссыз у дыбысы мен дауысты у дыбысына жеке-жеке арнайы таңба берілмеген. Бұл дыбыс бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыс болыш айтылып жүр. Интернет-энциклопедия «Уикипедия» У әршіне қатысты мынандай анықтама береді: 1990-шы жылдардың басынан жазу реформасының бірнеше түрлері ұсынылды. Солардың бірі: /w/ дыбысы үшін Ў әршін енгізу, байыргы қазақ сөздерінде және қазақ тілінің дыбыстық ережелерімен айтылатын араб-шары сөздеріндегі У әршін YÜ, ÜÜ, ЫÜ, ГҮ түрінде жазу (қарақалпақ емлесіндегі сияқты) [3]. Өйткені, кириллицадағы У әрші қазақ тілінде екі дыбыстың тіркесін – *U* (*Ү*) – таңбалайтын әріп. Соңдықтан, латын әріптерімен жазғанда У әрші келетін сөздерді дыбыс үндестігіне сәйкес не жуан UW, не жіңішке ІW дыбыс тіркестері ретінде таңбалауымыз керек: *су* (*сү*) – *suw*, *у* (*ү*) – *uw*, *бару* (*барүү*) – *bariw*, *келу* (*келүү*) – *kelüw*, *жуу* (*жүүүү*) – *jüwiw*, *жуыну* (*жүүышүү*) – *jüwishi*. Соңдай-ак, *оның баруы керек* деген сөйлемдегі *баруы* сөзі қазақ емлесінің ережесі бойынша дұрыс жазылмаған. Өйткені, *баруы* түрінде жазу «-ы, -і жалғаулары дауыссыз дыбыска аяқталатын түбірге (сөзге) ғана жалғанады» деген қазақ тілінің ережесін бұзып жатыр. Ал бұл жерде бұны *баруы* түрінде жазу керек. Осы себептерге байланысты, дауыссыз у дыбысына жаңа қазақ әлішбийінің жобасында жеке таңба берілді. Оның үстінен, *тай*, *жау*, *уақыт* сөздерінде дауыссыз у дыбысы қолданылады фой. Айта кететін жайт: *орыс тілі* арқылы енген У әрші бар сөздерде қос дыбыс UW байқалмайтын сияқты. Соңдықтан, У-мен келетін кейбір кірме сөздерді латынша жазғанда бір ғана U-мен таңбалау керек [1]: *журнал* (*жүрнал*) – *jurnal* (*juwtal* емес), *футбол* (*футбол*) – *futbol* (*fuwtbol* емес).

Сонымен, қазақ тілінің түшкі заңдылығына бағынсақ *и* дыбысы да, у дыбысы да – дауыссыз дыбыстар. Соңдықтан да, дауысты *и* мен дауысты у дыбыстарын бейнелейтін таңбалар жаңа қазақ әлішбийіне қажеті жоқ. Бірақ, сансыз көлтеген экономикалық, техникалық, медициналық және тағы басқа ғылыми салалардың терминдерінде осы әріптер өте-мөте жиі қолданылады: *инфляция*, *институт*, *университет* және тағы басқа күрделі сөздер.

## ТУРКОЛОГИЯ, № 3, 2011

---

Сондықтан, мүмкін болса кейбір бұндай сөздерге қазақша балама табу керек. Әйтпесе, бұндай сөздерді қазіргі заманның жағдайында қазақ тіліне бейімдеу ете қын болады. Мысалы, *университет* сөзін *біліморда* деп айтсақ та болатын сияқты.

Әліпби мен емле, әрине, бір нөрсе емес, бірақ өзара байланысты. Сондықтан да латын әліпбійн қабылдағанда қазақ тілінің емлесі де оған сәйкес өзгеруі керек. Біздің ойымызша, латын әліпбійнің ең басты қасиеті – тілдің фонетикалық заңдылығын, дыбыстық ерекшелігін жазу дәстүрінің негізгі принципі етіп қоюында болса керек. Егер бұдан бұрынғы және бүгінгі жазуымызда біз емле принципінде көсем компоненті етіп сөздің морфологиялық тұлғасын сақтап жазуды алға ұстаң келсек, латын әліпбійнің табиғаты сөз құрамындағы әрбір дыбысты жіктең, жіліктең беруге мүмкіншілік туғызады. Осыған орай басқа (морфологиялық, тарихи-дәстүрлі) принциптермен санаса отырып, фонетикалық принципке мән берілетін болса, онда ол ең алдымен үш түрлі заңдылыққа – сингармонизм, буын және дыбыстардың тіркесу заңдылығына сүйенуге тиісті. Сонда ғана тілдің қабырғасын қасаң, қасаң етегенің ерекіне жүрмей, оның табиғилығын сақтауға мүмкіншілік аламыз [1].

Ә.Қайдардың сөзімен айтқаңда, бізге әйтеуір жазуды өзгерте беру мұрат емес. Бірақ ерте ме, кеш пе, қасиетті ана тіліміздің бойына лайықты, табиғатына, замана талабына сай, тіліміздің бақылышын аңсайтын халқымызға қызмет етіп, мәдениет мерейін көтеретін шын мәнісіндегі дәстүрлі де тағылымды ұлттық жазуды қалыптастыру мұрат [1].

Компьютер пернетақта жаймасының мәселесі жайында қысқаша айтып кетейік. Егер қазіргі стандартты қазақ пернетақта жаймасы орыс териш жаймасы (ЙЦУКЕН («Russian (Typewriter)») негізінде жасалынған болса, енді латын әріпті жаңа қазақ пернетақта жаймасын түрік пернетақта жаймасы (Turkish Q) негізінде жасап, қолдануымыз дұрыс болар еді.

### Мысалдар

1. Мемлекет және елді-мекен атаулары:

AQS – АҚШ

Özbekstan (Özbekistan) – Өзбекстан (Өзбекістан)

Qazaqstan (Qazaqstan) – Қазақстан (Қазақыстан)

Qırğızstan (Qırğızstan) – Қырғызстан (Қырғызыстан)

Qıtay – Қытай

Resey – Ресей

Türkiyä – Түркійә

Almatı – Алматы

Ankara – Анкара

Astana – Астана

Beyjىї – Бейжің

Bişkek – Бішкек

## Н.К.Абылбеков. Латын жазуына негізделген жаңа қазақ әліпбійінің...

Istanbul – Ыстамбул

Mäskew – Мәскеу

Şımkent – Шымкент

Taşkent – Ташкент

Türkistan – Түркістан

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны

*Meniň Qazaqstanım*

Altın kün aspanı,

Altın dän dalası,

Erliktiň dastanı,

Elime qaraşı!

Ejelden er degen,

Daňqımız şıqtı góy.

Namısın bermegen,

Qazağum mıqtı góy!

*Qayırmazı:*

Meniň elim, meniň elim,

Güliň bolıp egilemin,

Jiriň bolıp tögilemin, elim!

Tuwğan jerim meniň – Qazaqstanım!

Urpaqqqa jol aşqan,

Keň baytaq jerim bar.

Birligi jarasqan,

Täwelsiz elim bar.

Qarsı alğan waqıttı,

Mäňgilik dosıñday.

Bizdiň el baqıttı,

Bizdiň el osınday!

*Qayırmazı:*

*Менің Қазақстаным*

Алтын күн аспаны,

Алтын дән даласы,

Ерліктің дастаны,

Еліме қарашы!

Ежелден ер деген,

Данқымыз шықты фой.

Намысын бермеген,

Қазағым мықты фой!

*Қайырмасы:*

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін, елім!

Тұған жерім менің – Қазақстаным!

Үрпакқа жол ашқан,

Кең байтақ жерім бар.

Бірлігі жарасқан,

Тәуелсіз елім бар.

Қарсы алған уақытты,

Мәңгілік досындаі.

Біздің ел бақытты,

Біздің ел осындаі!

*Қайырмасы:*

### **Жаңа әліпбіге көшуден шығатын нәтижелер**

Сөз жоқ, жаңа әліпбіге көшү – ете көп қаржыны қажет етеді. Бірақ, бұл қаржылай шығын өзін актайды. Өйткені, оның әкелер саяси, әлеуметтік және экономикалық нәтижелері орасан зор:

- Жаңа әліпбіге көшү – жаңа замандағы үлкен оқиға болып, қазақ халқының рухани күшпендеуіне жаңа талшыныс береді. Яғни, жаңа әліпбі қазақ халқына рухани тәуелсіздік әперіп, құлдық санадан құтылуына көмектеседі;
- Жаңа әліпбі қазақ тілін орыс тілінің ықпалынан құтқарады. Сөйтіш, қазақ тілі «нағыз» мемлекеттік тіл мәртебесін алады.
- Жаңа әліпбі орыстілді қандастарымыздың қызығушылығын туғызып, олардың қазақ тілін тез менгеріп алуларына көмектеседі. Сөйтіш, елімізде

қазақ тілінің мәртебесі өсіп, еліміздегі барлық азаматтардың бір тілде сөйлеуіне, нағыз бір ұлт болуына көмектеседі;

- Жаңа әліпби біздің ұлттық идеямызды анықтауға көмектеседі;
- Жаңа әліпби дүние жүзі қазақтарының басын біріктіруге көмектеседі. Яғни, ұлттық тұтастықты сақташ қалуға көмектеседі;
- Жаңа әліпби қазақ халқын туыстас түркі тілдес халықтардан ажырамаудына көмектеседі;
- Жаңа әліпби қазақ халқын әсіресе бауырлас Түркия түріктерімен жақындаудына, бір-бірінің тілін оңай оқып үйренулеріне көмектеседі. Өйткені, жаңа әліпбидегі әріштердің дыбысталуы түрік әліпбииңдегі әріштердің дыбысталуымен үндес келеді;
- Жаңа әліпби латын жазуына негізделгендікten, азаматтарымыздың ағылшын тілін жеңіл мемлекеттің алуларына, батыс елдерінің озық білімін алуларына, ақыр соңында мемлекеттің дамуына көмектеседі;
- Жаңа әліпби Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа тезірек кіруіне көмектеседі. Өйткені, латын жазуы әлемдік ақпарат кеңістігінде басымдыққа ие;
- Жаңа әліпби Түркия интернет кеңістігіне жолымызды ашады;
- Жаңа әліпбидің арқасында Қазақстан мен Түркияның экономика саласындағы қарым-қатынастары жедел қарқынмен дамиды.

#### **Соңғы сөз**

Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылаш айтқанда, біз жаңа әліпби жобасын құрастыруда «бір дыбысқа – бір әріш» қағидатын үстануымыз керек. Сонда ғана, біз төл дыбыстарымызды бұзбай, жоғалтпай, тілімізді нығайта аламыз, әрі қарай дамыта аламыз.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Қайдаров Ә. Латын әліпбінің болашағы зор // Ана тілі, 1991. № 43, 45, 46.
2. Уәлиұлы Н. Қазақ әліпбін латынға көшпө ме? Талдау, талғау және саралай: үміт пен құдік // Ақиқат, 2007. № 3.
3. Уикипедия, Ашық энциклопедиясы. Қазақ әліпбі.
- [http://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B\\_%D3%99%D0%BB%D1%96%D0%BF%D0%B1%D0%B8%D1%96](http://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B_%D3%99%D0%BB%D1%96%D0%BF%D0%B1%D0%B8%D1%96) (25.09.2010 ж. альған).
4. Махмудов Х., Мусабаев Г. Қазақша-орысша сөздік; Казахско-русский словарь. Алматы: Өнер, 2001.
5. Асылбекұлы С., Уәлиев Н. Бір құдік, бір үміт // Парасат, 2000. № 9.

#### **REZUME**

**N.K.ABILBEKOV (Almaty)**

**THE PROJECT OF THE NEW KAZAKH ALPHABET BASED ON THE LATIN SCRIPT**

The article offers the project of the new Kazakh alphabet based on the Latin script. This project was created on the basis of the Turkish alphabet. This article also considers the suggestions on reforming of rules of the Kazakh spelling.